# 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Білім беру сапасын бағалау жүйесінің теориялық және ұйымдастырушылық негіздерін меңгерген бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау; Қазақстанның білім беру жүйесінде жұмыс істейтін БСБ ішкі жүйелерін зерделеу; функционалдық сауаттылық пен әмбебап құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін бағалау үшін тапсырмаларды әзірлеу; Қазақстанның орта мектептерінде ішкі бағалау жүйелерін зерделеу.

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

| | |
|---|---|
| **Білім беру бағдарламасының түрі** | ағымдағы |
| **Білім беру бағдарламасының атауы** | 7М01102- Педагогикалық өлшемдер |
| **Білім беру саласы** | 7М01 – Педагогикалық ғылымдар |
| **Даярлау бағыты** | 7М011 – Педагогикажәне психология |
| **Білім беру бағдарламасының тобы** | 7М001- Педагогика және психология |
| **Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы** | № KZ75LAA00018542 «04» тамыз 2020 жыл |
| **ҰБШ бойынша деңгейі** | Магистратура, деңгей 7 |
| **Берілетін дәреже** | Педагогика ғылымдарының магистры |
| **Білім беру бағдарламасын аккредиттеу** | № 12018901, 24.05.2019 ж.,<br>аккредиттеудің әрекет ету мерзімі<br>24.05. 2019 ж. – 23.05. 2024 ж. |
| **Білім беру бағдарламасының рейтингі** | 1. АРТА – 1 орын, 2018 жыл;<br>2. БСҚА –2 орын, 2019 жыл;<br>3. «Атамекен» – 9 орын, 2019 жыл. |
| **Жалпы академиялық кредит саны** | 120 |
| **Оқу мерзімі** | 2 жыл |

## 1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

**Бағдары:**

Тез өзгеретін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

**Миссиясы:**

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

**Бағдарламалық мақсаты:**

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуды мақсат етеді.

**Құндылықтары:**

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

**Университет түлегінің атрибуттары:**

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.

- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

## 1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

*БББ өзектілігі.* Білім беру бағдарламасын әзірлеу білім берудің барлық сатыларында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды, білім сапасын сыртқы және ішкі бағалаудың қазіргі заманғы (қолданыстағы) құралдарының функционалдық ерекшеліктерін; ұлттық мониторингтер мен халықаралық зерттеулер жүргізу міндеттері туралы білімді іске асыру үшін педагогикалық өлшемдер бойынша мамандар даярлау қажеттілігінен туындайды; магистранттарда оқу пәнін оқыту нәтижелілігін бағалау әдістемесінің ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру және жоғары оқу орны ішіндегі және мектепішілік бағалаудың заманауи әдістерін қолдана білу; әмбебап құзыреттіліктерді сырттай бағалау құралдары үшін тест тапсырмаларын әзірлеу. Бүкіл әлемдегі сарапшылар қоғамдастығы қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі факторы ретінде адами капиталды дамыту жаһандық сын-қатерлер мен қазіргі заманғы трендтерге басты жауап ретінде білім берудің жаңа түсінігін талап ететінін мойындайды.

Білім беру сапасын өлшеу және бағалау жөніндегі маманның стратегиялық басқарушылық міндеттерінің жоғары қажеттілігіне байланысты оның қоғамның қазіргі заманғы талаптарын шешудегі білікті қызметін арттыру қажет. Педагогикалық өлшеулер жөніндегі мамандар жоғары кәсіби деңгейде зерттеу құралдары, өңдеу тәсілдері мен нәтижелерін әзірлеудегі тұжырымдамалық тәсілдерді іріктеуді түрлендіруі қажет; қазақстандық оқушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың заманауи құралдарымен халықаралық зерттеулерге қатысуын және оқушылардың жетістіктерінің нәтижелерін кейіннен талдауды ұйымдастырудың негізгі міндеттерін сақтау; білім беру сапасын бағалау жүйесінің теориялық және ұйымдастырушылық негіздерімен қарулану. Осы білім беру бағдарламасын табысты аяқтау білім беру ұйымының тұжырымдамалық проблемаларын шешуге ықпал етуі тиіс.

Білім беру бағдарламасының пәндері педагогикалық өлшемдер маманы құзыретінің моделі негізінде жобаланған және оған мыналар кіреді:

- тұлғалық даму;
- басқару дағдылары;
- сандық дағдылар;
- жаңа педагогика;
- нақты білім беру жобасын қорғау.

Осы бағдарлама бойынша оқыту бірлескен жобалық қызметті тарту және құру, нетворкинг құру, сарапшылық қоғамдастықты дамыту қағидаттарына негізделеді. Бағдарлама түлектері білім алғаннан кейін университетпен ынтымақтастықты жалғастыруда жобаларға белсенді қатысады және бағдарламаның кейінгі түлектерімен ынтымақтастықты кеңейтеді.

## 1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

| | |
|---|---|
| Академиялық ұтқырлық | "Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті" АҚ; Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау |

| | |
|---|---|
| | университеті |
| Қосдипломды бағдарлама | |

**Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі**
32% - Гонконг білім беруді дамыту университеті;
35% - Ұлттық зерттеу университеті «Жоғары экономика мектебі».

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ
Жоғары оқу орындарында, колледждер мен мектептерде ғылыми-педагогикалық қызметке кәсіби түрде дайын болады.
- білім беру сапасын ішкі және сыртқы бағалау бойынша іс-шараларды ұйымдастырушылар, тестілеу процесін ұйымдастырушылар;
- ЖОО-да, колледждерде және мектептерде оқыту нәтижелерін бағалау үшін тапсырмалар базасын қалыптастыруды ұйымдастырушыларды;
- бағалау рәсімдерін жүргізу үшін тесттік және басқа да нысандардағы тапсырмаларды әзірлеушілерді;
- тестологтар (тапсырмаларды әзірлеу, сараптама жүргізу, оқыту нәтижелерін бағалау құралдарын валидациялау) ретінде жұмыс істей алады

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ
1 Кәсіби құзыреттілік салалары
Іскерлік, кәсіби, ғылыми әлем саласында органикалық қоғам құру кезінде көшбасшылық қасиеттерін көрсетеді;
2 Кәсіби құзыреттілік салалары
Тапсырмаларды әзірлеу, сараптама жүргізу, оқыту нәтижелерін бағалау құралдарын валидациялауды бағалауды жүргізеді
3 Кәсіби құзыреттілік салалары
Психологиялық-педагогикалық диагностика, Педагогикалық қызметті модельдеу, педагогикалық процесті жоспарлау және ұйымдастыру, талдау және реттеу, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, әлеуметтік институттармен байланыс

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОН1 – Қазіргі заманғы ғылым философиясының өзекті мәселелерінде бағдарлау және сөйлеу коммуникациясының кәсіби негіздерін (тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу) іскерлік хат алмасумен жұмыс істеу дағдысын (хат, электрондық пошта және т.б.)меңгеру.
ОН 2 – Педагогика және психология ғылымын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін, оқыту әдістерін басқару және меңгеру үрдістерін, психологиялық-педагогикалық зерттеулердің мәні мен мазмұнын ұсыну.
ОН 3 – Педагогикалық өлшеулер теориясы мен практикасының қазіргі заманғы проблемаларын, білім беру сапасын сыртқы және ішкі бағалаудың қазіргі (қолданыстағы) құралдарының функционалдық ерекшеліктерін талдайды.
ОН 4 – Білім алушылардың білім жетістіктерін бағалау құралдарын жобалайды және әдістерін құрастырады.
ОН 5 – Жоғары оқу орындары мен мектептерде білім беру сапасын бағалаудың цифрлық технологияларын пайдаланады, бағалау іс-шараларын (емтихандар, мониторингтер, ағымдағы бағалау) ұйымдастырады және өткізеді.
ОН 6 – Бағалау іс-шараларының нәтижелерін интерпретациялайды, оларды білім беру сапасын басқару үшін пайдаланады.

**БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы**

| | ОН1 | ОН2 | ОН3 | ОН4 | ОН5 | ОН6 |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ТА1 | + | + | | + | | |
| ТА2 | | + | | | | + |
| ТА3 | | | | | | |
| ТА4 | | | | | + | |
| ТА5 | | | + | | | + |
| ТА6 | | + | | | | |

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

1) «Педагог» кәсіби стандарты Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығымен бекітілген

2) Білім беру саласындағы СБШ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу салалық үшжақты комиссиясының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 2 отырысының хаттамасымен бекітілген.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген жоғары оқу орнынан кейінгі мемлекеттік стандарты. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылы 1 қарашада № 17669 болып тіркелді.

4) **3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РЕСУРСТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ**

5)

6) 3.1. КІТАПХАНА ҚОРЫ

7) Білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі студенттердің оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, көркем әдебиеттермен және мерзімді басылымдармен қамтамасыз етілуі болып табылады.

8) 7M01102 - Педагогикалық өлшемдер БББ бойынша кітапхана қоры 2020 жылғы 1 мамырға 2992 дананы құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде – 997 дана, 998 орыс тілінде 998 дана және шетел тілінде _____ дана.

9) Университет кітапханасы білім алушылар мен профессорлық оқытушылық құрамның IPR books, Polpred, Alembook, Web of Science, Elsevier (Scopus) мәліметтер базасына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

10) ҚР жоғары оқу орындарының электрондық білім беру және ғылыми ресурстарын біріктіретін республикалық ЖОО аралық электрондық кітапханаға (РЖООАЭК) қол жеткізілген.

11) Білім беру бағдарламасы студенттерінің келесі ғылыми журналдарға: *журналдардың атауын қою* (білім беру бағдарламасының бейіні бойынша) кіруі қамтамасыз етілген.

12) 2010 жылдан бастап кітапхана ҚазҰлтҚызПУ студенттеріне дәстүрлі форматтағы магистрлік диссертациялардың мазмұнымен танысуға мүмкіндік береді (150-ден астам атау), олардың жартысы бүгінгі күні PDF-форматқа ауыстырылды.

13) Сондай-ақ, студенттер компьютерден электрондық кітапханаға қолжетімділікті қамтамасыз ететін «ҚазҰлтҚызПУ электронды кітапханасы» қызметін әлемнің кез келген нүктесінен 24/7 форматында пайдалана алады. (сайт мекенжайы: lib.kazmkpu.kz). Электронды кітапхана базасында студенттерге ұсынылатын

толықмәтінді қайнар көздердің 10000-ға жуық бірлігі, лицензияланған кітаптардың 1000-нан астам бірлігі, кітапхана қызметкерлері сканерлеген 6676 бірлік, ал 300-ге жуық кітап сирек қор көздеріне жатады.

14) 3.2. КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

15) Білім беру бағдарламасын Жалпы педагогика кафедрасы іске асырады. Білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін ПОҚ-тың (базалық және бейіндеуші пәндер циклындағы пәндер) сандық және сапалық көрсеткіштері:

16) ПОҚ жалпы саны– 21 адам, оның ішінде:

17) Ғылым докторы – 5

18) Ғылым кандидаты – 8

19) Философия докторы (PhD) – 2

20) Магистр –6

21) Кафедраның ғылыми әлеуеті – 75%

22) Білім беру бағдарламасының профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары **Кадрлық анықтамалығында** көрсетілген.

**23)**

24) 3.3. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА

***25)***

***26) Практика базалары:***

**27)**

| № | Ұйымның (мекеменің) атауы | Келісімшарттың №, келісілген күні, айы, жылы |
|---|---|---|
| ... | Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті | *** |

**28)**

**29) 4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

**30)**

| **№** | **Іс-шараның мазмұны** | **Іске асыру мерзімі** | **Жауаптылар** |
|---|---|---|---|
| | **Оқу-әдістемелік бағыт** | | |
| 1 | Оқу үдерісіне қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен әдістемелерді енгізу негізінде БББ әзірлеу және жетілдіру | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ |
| 2 | Дублиндік дискрипторлар мен Еуропалық біліктілік шеңберін ескере отырып, ұлттық біліктілік шеңбері негізінде ОӘК, ПОӘК әзірлеу және жетілдіру | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ |
| 3 | Жұмыс берушілердің, университеттің ПОҚ-ның ұсыныстарын ескере отырып, ЭПК әзірлеу және жетілдіру | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ |
| 4 | Сессияға шығарылатын пәндер бойынша қорытынды аттестаттауды өткізу үшін тест тапсырмаларын әзірлеу | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ |
| | **Ғылыми-зерттеу бағыты** | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысын жандандыру | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ Жоба жетекшісі |
| 2 | Гранттық және жоғары оқу орындарының зерттеулері мен жобаларына қатысу | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ |
| 3 | Ғылыми қызметке белсенді қатысу үшін білім алушыларды ынталандыру | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ Жоба жетекшісі |
| 4 | ПОҚ, докоранттардың нөлдік емес импакт факторы бар журналдарда жарияланымдарының өсуі | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ |
| **Тәрбие бағыты** | | | |
| 1 | Кәсіби-шығармашылық тәрбие, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін дамыту, жаңа формациядағы мамандарды даярлау | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ |
| 2 | Руухани-адамгершілік және интернационалдық тәрбие | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ |
| 3 | Эстетикалық тәрбие | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ |
| 4 | Азаматтық-патриоттық, көпмәдениетті тәрбие | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ |
| 5 | Дене тәрбиесі және салауатты өмірсалтын қалыптастыру бойынша жұмыс | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ |
| 6 | Құқықтық мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білу, өз құқықтары мен міндеттерін білу | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ |
| 7 | Жатақханада тұратын студенттермен «Менің жатақханам – менің үйім» ұранымен жұмыс жүргізу | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ ЖОО басшылығы |
| **Біліктілікті арттыру** | | | |
| 1 | Жаңа жағдайларда жұмысты ұйымдастрыу үшін ПОҚ біліктілігін арттыру (дистанциялық технологиялар және т.б.) | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ ЖОО басшылығы |
| 2 | Өз кадрларын PhD доктороннтурада оқыту есебінен даярлау және оларды ҚР диссертациялық кеңестерінде шетелдерде қорғауын ұйымдастыру | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ ЖОО басшылығы |
| 3 | ҚР БҒМ бекіткен кестеге сәйкес «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ және «Кәсіпқор» холдингі КЕАҚ базасында | Барлық кезең ішінде | Кафедра меңгерушісі ПОҚ ЖОО басшылығы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мұғалімдердің біліктілігін арттыру | | |
| 4 | Кафедрада ПОҚ дәреже үлесін арттыру | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ЖОО басшылығы |
| **Кәсіптік бағдар беру жұмысы** | | | |
| 1 | Қаланың және облыстың жалпы білім беретін мектептерінің оқушыларына кәсіптік бағдар беру жұмысының түрлерін жаңарту | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ |
| 2 | Жастардың кәсіби таңдауын қолдауға бағытталған баспа және медиа өнімдерін шығару | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ |
| 3 | Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру | Барлық кезең ішінде | Бағдарлама көшбасшысы, ПОҚ |